



Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы 1998 жылғы 25 маусымдағы Заем туралы келісімді (Зейнетақы реформасын қолдауға арналған Заем) бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 29 маусым N 235

Америка Құрама Штаттары, Колумбия округінде жасалған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы 1998 жылғы 25 маусымдағы Заем туралы келісім (Зейнетақы реформасын қолдауға арналған Заем) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және  
даму банкі арасындағы заем  
(Зейнетақы реформасын қолдауға арналған заем)  
туралы  
Келісім

Заемның нөмірі 4359 KZ

Заем туралы келісім

Қазақстан Республикасы (заем алушы) мен Халықаралық қайта құру және Даму банкі (банк) арасындағы 1998 ж. 25 маусымдағы Келісім

Банк 1998 ж. 27 мамырдағы Заем алушыдан (бұдан әрі - "Бағдарлама" құрылымдық зейнет реформасын жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдар, мақсаттар мен стратегиялық шаралар бағдарламасы баяндалған хатты, Заем алушының осы Бағдарламаны жүзеге асыру ниеті туралы өтінішін, сондай-ақ осы Бағдарламаны іске асыру үшін көмек көрсету туралы банкке тілек-талабын назарға ала отырып; сондай-ақ,

(B) жоғарыда айтылған, inter alia, негізінде Банк Заем алушыға, төменде

қарастырылғанындай, үш транштан тұратын заем беру арқылы осы Бағдарламаға қаржылық көмек беруге шешім қабылдады.

Осымен, тараптар мыналар туралы уағдаласты:

## I Бап

### Жалпы ережелер; Айқындылар

1.1 бөлім. Банктің 1995 жылғы 30 мамырдағы "Заемдарға және моновалюталық заемдарға арналған кепілдік келісімдерге қолданылатын жалпы ережелері", төменде келтірілген өзгерістермен бірге, осы келісімнің ажыратылатын бөлігін құрайды;

(a) 2.01-бөлімнің 18-тармағының жаңа редакциясы: ""Жоба" осы заем қолдау үшін ұсынылып отырған Заем туралы келісімнің кіріспесінде айтылған бағдарламаны білдіреді";

(b) 4.01-бөлімнің жаңа редакциясы: "Егер Банк пен Заем алушы өзгеше келісімге келмесе, заемды шоттан шығару Заем туралы келісімнің 2.02-бөлімінде айтылған депозиттік шоттың валютасымен жүргізіледі".

(c) 5.01-бөлімнің жаңа редакциясы: "Заем алушының қаражаттарды Заем туралы келісімнің және Жалпы шарттардың ережелеріне сәйкес заем шотынан шығарып алуға құқығы бар

(d) 5.03-баптың соңғы сөйлемі алынып тасталсын.

(e) 9.07 (c)-бөлімнің жаңа редакциясы: "Несие желісі жабылған күннен кейін алты айдан кешіктірмей немесе Заем алушы мен Банктің арасында осы мақсат үшін келісілуі мүмкін кейінірек мерзімде Заем алушы заем туралы келісімнің кіріспесінде айтылған Бағдарламаны орындау туралы, сондай-ақ Заем алушы осы Заем туралы келісімнің шенберінде көлемі мен талдау дәрежесі Заем алушының және Банктің тиісті міндеттемелерді орындау және осы заемның мақсаттарына жету туралы Банк тарапынан қойылатын орынды талаптарға сай келетін есепті дайындауды және Банкке жібереді"; және

(f) 9.05-бөлім алынып тасталсын, 9.06, 9.07 (жоғарыда айтылған өзгерістермен бірге), 9.08 және 9.09-бөлімдер тиісінше 9.05, 9.06, 9.07 және 9.08-бөлімдер болып саналсын.

1.02-бөлім. Егер контексте басқаша көзделмесе, Жалпы шарттарда және осы Келісімнің кіріспесінде айқындалған, осы құжатта бекітілген бірнеше терминдердің

мағынасы мынадай:

- (a) "депозиттік шот" осы Келісімнің 2 02 (b) бөлімінде көрсетілген шотты білдіреді;
- (b) "Еңбекмин" Заем алушының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін немесе оның құқықтық мұрагерін білдіреді;
- (c) "Ұлттық Банк" Қарыз алушының орталық банкі болып табылатын, Заем алушының заңдарының шеңберінде құрылатын және әрекет ететін, Заем алушының банктерінің әрекетін реттейтін, Заем алушының орталық банкі болып табылатын, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін білдіреді;
- (d) "Ұлттық зейнет агенттігі" Заем алушының Үкіметінің 1997 ж. 14 шілдедегі қаулысына сәйкес құрылған мемлекеттік емес қорлардың, сондай-ақ құқықтық мұрагерлердің әрекетін лицензиялайтын және реттейтін үйім болып табылатын Еңбекминнің Ұлттық зейнет агенттігін білдіреді;
- (e) "Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия" Қазақстан Республикасы Президентінің (1997 ж. 13 желтоқсан) "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының жарғысын бекіту туралы" N 3755 Жарлығына сәйкес құрылған бағалы қағаздар жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясын және оның құқықтық мирасқорын білдіреді;
- (f) "Ортақ жүйе" ағымдағы міндетті зейнет жарналарынан төленетін және Заем алушының Үкіметінің 1997 жылғы 12 мамырдағы N 819 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының зейнет жүйесін реформалау тұғырнамасының 2-бөлігінде айтылған төлемдерді қамтамасыз ететін зейнет жүйесін білдіреді;
- (g) МЖЗҚ Қазақстан Үкіметінің 1997 ж. 24 желтоқсандағы N\_\_ қаулысына сәйкес құрылған жинақтаушы зейнет қоры болып табылатын Мемлекеттік жинақтаушы қорды білдіреді; және
- (h) ЗТМО Қазақстан Үкіметінің 1997 ж. 4 маусымдағы N 926 қаулысына сәйкес, міндетті зейнетақы жарналарын жинау мақсатында (1), сондай-ақ зейнетақымен қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесіне сәйкес зейнеткерлерге ақы төлеу үшін (11) құрылған және оның құқықтық мұрагерлігін қамтитын Ұйым болып табылатын, Еңбек министрлігінің қарамағындағы зейнетақылар төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталықты білдіреді.

II Бап  
Заем

2.01-бөлім. Банк үш жұз миллион долларға (300 000 000 АҚШ доллары) тең сомадағы заем туралы Келісімде айтылған немесе көрсетілген қағидалар бойынша Заем алушыға заем беруге келіседі.

2.02-бөлім. (а) Осы бөлімнің (b), (c) және (d) тармақтарының ережелеріне сәйкес Заем алушы Бағдарламаны қаржыландыру үшін заемның шоттарынан Заемның

қаражаттарын шығарып алуға құқықты.

(б) Заемның шотынан қаражаттарды шығарып алу туралы Банкке алғашқы талап-тілекти жасамас бұрын, Заем алушы өзінің Ұлттық банкінен Банкті қанағаттандыратында кезеңде және жағдайларда долларлармен депозиттік шот ашады және оны қолдап отырады. Заемның шотынан алышатын кез келген қаражатты Банк осы депозит шотында айналдырады.

(с) Заем алушы Заемның қаражаттарын осы Келісімнің 1-қосымшасының ережелеріне сәйкес қаржыландырылуға тиісті емес шығыстарды қаржыландыру үшін пайдаланбауға міндеттенеді. Егер Банк әлдеқандай уақытта Заемның қаражаттары 1-қосымшаның ережелеріне сәйкес қаржыландыруға жатпайтын шығыстарды қаржыландыру үшін пайдаланылды деп есептесе, Заем алушы Банктен хабар алған соң кешікпестен (i) аталған төлемнің сомасына тең соманы Депозит шотына аударады; немесе (ii) Банктің талабы бойынша осындаи соманы Банкке қайтарады. Осы талапқа сәйкес қайтарылған сомалар кейіннен жою үшін заем Шотына қосылады.

(д) Мынадай жағдайларда Заемның шотынан қаражаттарды одан әрі алуға жол берілмейді:

(i) Заемның шотынан шығарып алынған қаражаттардың жалпы сомасы баламалылыққа, 100 000 000 АҚШ долларына жеткеннен кейін, осы келісімнің 3.01 бөлімінде сипатталған пікір алмасулардан соң Банктің көзін жеткізген жағдайларды қоспағанда және Банк үшін қолайлы фактілердің негізінде, оның ішінде:

(А) Заем алушы Бағдарламаны жүзеге асыруда табыстарға жетсе;  
(Б) Осы Келісімнің 3-қосымшасының 1-бөлімінде айтылған шаралар қабылданса; және

(С) Заем алушының макроэкономикалық саясатының негіздері Бағдарламаның мақсаттарына сай келсе;

(ii) Заемның шотынан шығарып алынған қаражаттардың жалпы сомасы баламалылыққа, 200 000 000 АҚШ долларына жеткеннен кейін, осы келісімнің 3 01 бөлімінде сипатталған пікір алмасулардан соң Банктің көзін жеткізген жағдайларды қоспағанда және Банк үшін қолайлы фактілердің негізінде, оның ішінде:

(А) Заем алушы Бағдарламаны жүзеге асыруда табыстарға жетсе;  
(Б) Осы Келісімнің 3-қосымшасының II-бөлімінде айтылған шаралар қабылданса; және  
(С) Заем алушының макроэкономикалық саясатының негіздері Бағдарламаның мақсаттарына сай келсе.

(е) Егер аталған пікір алмасудан соң Банк Заем алушыға қол жеткен жетістіктер мен қолданылған шаралар қанағаттанғысыз деп хабарласа және осындаи хабарламаны алғаннан соң заем алушы 90 күннің ішінде жетістікке жете алмаса және Банкті қанағаттандырлық әрекеттер қолданбаса, онда Банк Заем алушыға тиісті хабарлама беріп, Заем қаражаттарының алынбаған болігін немесе мұндай қаражаттардың кез

келген бөлігін жоққа шығара алады.

2.03-бөлім. Несие желісін жабу уақыты болып 2000 ж. 31 шілдесі немесе Банктің белгілеу мүмкін одан кейінгі мерзім саналады.

2.04-бөлім. Заем алушы қаражаттарды мезгілімен алғаннан кейін қалған Заемның негізгі сомасының жылдық ставкасы бойынша ( $3/4$ , 1%) міндептемесі үшін Банкіге төлем төлейді.

2.05-бөлім. (а) Заем алушы Либордың базалық ставкасына ЛИБОР-дың жалпы спреді қосылғандағы ставкаға тең мұдделер жиынтығын әрбір кезең сайын ставка бойынша проценттерді мезгілімен алатын және өтелмеген негізгі сомадан алынатын проценттерді төлейді.

(b) Осы бөлімнің мақсаттары үшін:

(i) "Проценттерді есептеу кезеңі" осы келісімнің уақытынан басталатын және осы уақытты қамтитын, алайда проценттердің алғашқы төленетін уақытын қамтымайтын, ал алғашқы кезең есептелген соң проценттерді төлейтін уақыттан бастап және осы кезеңді қамтитын барлық кезеңді білдіреді, алайда проценттерді төлейтін келесі кезеңді қамтымайды.

(ii) "Проценттерді төлейтін уақыт" осы Келісімнің 2.06-бөлімінде көрсетілген кез келген уақытты көрсетеді.

(iii) "ЛИБОР-дың базалық ставкасы" Банктің жылдық проценттік пайымды айқындағасына сәйкес, әрбір кезең үшін есептелетін проценттерді білдіреді, проценттерді есептеудің осындай кезеңінің әрбір күнінің құны бойынша алты айлық депозиттерге арналған Лондон банкаралық рыногындағы депозиттер ұсынысының ставкасын білдіреді (немесе).

(iv) "ЛИБОР-дың жалпы спреді" Банктің жылдық проценттік пайымды айқындағасына сәйкес, әрбір кезең үшін есептелетін проценттерді білдіреді: (A) бір проценттің жартысы ( $1/2\%$ ); (B) Лондон банкаралық рыногындағы, банктер немесе олардың бөлімшелері беретін, моновалюталық заемдарды, осы заемды қоса, қаржыландыру үшін Банк бөлетін, Банктің немесе олардың бөлімшелерінің өтелмеген қарыздарына қатысты алты айлық депозиттерге арналған ұсыныс ставкаларының немесе басқа да бағдарлық ставкалардан жоғары проценттер аударылатын осындай кезең үшін кемітілетін немесе қосылатын орташа салмақты марка.

(c) Банк проценттерді есептеудің әрбір кезеңіне арналған ЛИБОР-дың ставкасы және ЛИБОР-дың жалпы спреді туралы олар анықталған соң тез арада Заем алушыға хабарлайды.

(d) Егер 2.05-бөлімде айтылған есептеу ставкаларын анықтауға ықпал ететін нарықтық тәжірибелің өзгерістеріне қарай, Банк кез келген уақытта тұластай алғанда заем алушылардың және Банктің мұддесі үшін осы бөлімде айтылмаған басқа

ставкаларды заемдарға қолдану қажет деп белгілесе, жаңа есеп айырысу базасы енгізілгенге дейін алты (6) айдан кешіктірмей заем алушыны хабарландырып, осы заемға арналған есептеу ставкасын айқындау үшін базаны өзгерте алады. Заем алушының мұндай өзгерістерге наразы екендігі туралы Банк дер кезінде хабарланса, мұндай өзгерістер аталған заемға қолданылмайды.

2.06-бөлім. Проценттер мен өзге де алымдар әрбір жылдың 15 маусымы мен 16 желтоқсанында төленеді.

2.07-бөлім. Заem алушы осы Келісімнің 2-қосымшасында көрсетілген өтем кестесіне сәйкес Заemның негізгі сомасын қайтарады.

### III Бап Ерекше ережелер

3.01-бөлім. (а) Заem алушы мен Банк кез келген тараптың талап-тілегі бойынша бағдарламаны орындаудағы прогрессе және осы Келісімнің 3-қосымшасында аталған шараларды қабылдауға қатысты пікір алмасулар өткізіп тұрады.

(б) Әрбір мұндай пікір алмасудың алдында Заem алушы Банк тарапынан тиісті дәрежеде қойылуы мүмкін талдама жасап, бағдарламаны орындауда қол жеткен нәтижелер туралы Банктің қарауы және ескеруі үшін есеп тапсырады.

(с) Осы бөлімнің (а) тармағының ережелерін шектеместен, Заem алушы Заem бойынша қаражаттар аударылғаннан кейін жүргізіледі деп жорамалданған кез келген әрекеттер бойынша, егер мұндай әрекеттер Бағдарлама міндеттерінің сипатын елеулі түрде өзгертертін болса, онда Бағдарлама шеңберінде қолданылатын кез келген әрекеттер бойынша, оның ішінде осы Келісімнің 3-қосымшасында айтылған кез келген әрекеттерді қоса пікір алысады.

3.02-бөлім. Банктің талап-тілектері бойынша Заem алушы мыналарға міндетті:

(а) Банк талаптарын қанағаттандыратын тәуелсіз аудиторлардың аудиттің дәйекті түрде қолданылатын тиісті принциптеріне сәйкес Депозиттік шотқа аудиттік тексеру жүргізуін қамтамасыз етеді;

(б) жоба жасалған соң Банкке бірден, бірақ осындай аудит жүргізу туралы Банк талап еткен уақыттан соң қандай жағдайда болсын алты айдан кешіктірмей, жоғарыда айтылған аудиторлар жүргізген, Банктің негізді талаптарына сәйкес баяндалған мәселелер мен әрекеттер төнірегіндегі осындай тексеру туралы есептің расталған көшірмесін Банкке тапсырады; және

(с) Банк тарапының орынды талабына сәйкес Депозиттік шоттарға және солар жөніндегі аудиторлық тексерулерге қатысты қосымша ақпарат беріп тұрады.

### IV Бап

## Келісімнің күшін тоқтатудың қосымша шарттары

4.01-бөлім. Жалпы ережелердің 6.02 (р) бабына сәйкес мынадай қосымша жағдайлар сөз болады, атап айтқанда: Бағдарламаның немесе оның көпшілік бөлігінің орындалуы іс жүзінде мүмкін болмайтындағы ахуал пайда болғанда.

### V Бап

## Келісімнің әрекетін тоқтату

5.01-бөлім. Жалпы ережелердің 12.04 бөлімінің мақсаттары үшін Осы Келісімге қол қойылған соң тоқсан күннен кейін келетін уақыт белгіленеді.

### VI Бап

## Қарыз алушының өкілдері; мекен-жайы

6.01-бөлім. Жалпы шарттың 11.03 бөлімінің мақсаты үшін Қарыз алушы Қаржы министрі немесе Қаржы министрінің орынбасары Қарыз алушының өкілімен айқындалады.

6.02-бөлім. Жалпы шарттың 11.01 бөлімінің мақсаты үшін мынадай мекен-жай айқындалады:

Қарыз алушы үшін:

Қаржы министрлігі

Республика даңғылы, 60-үй  
Астана, Қазақстан Республикасы

Банкі үшін:

International Bank for  
Reconstruction and Development  
1818 H Street, N. W/  
Washington, D.C. 20433  
United States of America

Телеграф: Телекс:

INTBAFRAD 248423 (VCI немесе  
Washington, D.C. 64 145 (MCI)

Осыны растау ретінде Тараптар тиісті дәрежеде өздерінің жұмыс  
істейтін өкілдепті өкілдері арқылы Америка Құрама Штаттарының Колумбия  
округінде жоғарыда көрсетілген күнде және жылда осы Келісімге қол қойды.

Қазақстан Республикасы үшін  
Өкілдепті өкіл

Халықаралық даму және қайта құру банкісі үшін

Еуропа және Орта Азия  
аймағының Вице-президенті

1-Қосымша  
Қаржыландыруға жатпайтын шығындар

1. Осы Келісімнің 2.02(с) бөлімнің мақсаты үшін Займ қаржысы  
шығындарының мына түрлерін:

2. банк немесе Ассоциациядан басқа қандай да бір ұлттық немесе шетелдік қаржы  
ұйымдарымен немесе агенттік қаржыландыратын немесе осындай ұйымдармен немесе

мекемелерден қаржыландыру туралы келісім алған, яки өзге зайдің немесе несие деңгейінде Банкі немесе Ассоциация қаржыландыратын немесе өзге зайдің немесе несие деңгейінде қаржыландыру туралы Банкі немесе Ассоциациядан келісім алған шарт бойынша берілетін тауарлар мен қызыметтердің шығындары;

### 3. мына Халықаралық стандарттық сауда сыныптары (ХССС) топтары

немесе ішкі топтарына, "Statistical Papers, Series M, No 34/Rev 3 (1986) (SITC), басылымында Біріккен Ұлттар Ұйымы жариялаған үшінші (SITC, Rev.3) басылымы, яки Банк шешіміне сәйкес Заем алушы хабарланатын алдағы ХССС басылымына кіретін кез келген топтар мен ішкі топтарына енетін тауарлардың шығындары:

Топ	Ішкі топ	Сипаттама
112	-	Алкогольді сусындар
121	-	Қайта өнделмеген темекі, темекі қалдықтары
122	-	Қайта өнделген темекі (темекіні ауыстыратындарға жататын немесе жатпайтын)
525	-	Радиоактивтік және соларға байланысты материалдар
667	-	Маржан, қымбат және жартылай қымбат тастар, өнделген немесе өнделмеген
718	718,7	Ядерлық реакторлар және олардың бөлшектері, ядерлық реактор үшін радий сәулесіз отын (картридж) элементтері
728	728,43	Темекіні қайта өндеуге

## арналған жабдықтар

897

897,3

Алтын және күміс және

платин (сағаттың корпустары мен сағаттардан басқа) тобы металлдарынан тұратын зергерлік бұйымдары және зергерлік өнімдер (орналастырған бағалы тастарды қосқанда) 971 монетарлық емес алтын кенін және концентраттарды қосқанда)

4. әскери немесе жартылай әскери мақсаттар үшін, немесе сән заттарына арналған тауарлардың шығындары;

5. қоршаған ортадағы қауіпті тауарлардың шығындары(осы тармақтың мақсаты үшін" қоршаған ортадағы қауіпті тауарлар "термині Заем алушы қол қойған халықаралық келісімдерде немесе Заем алушы заңдарында импортқа немесе пайдалануға, өндіруге арналған тауарлар ретінде айқындалады.

6. (а) Банкке мүше болып табылмайтын кез келген елдің аумағындағы, яки осы аумақта сатып алынған тауарларға,немесе осы аумақта көрсетілген қызметтерге; (б) импорт тауарларына немесе үйымдарға немесе тұлғаларға төленуге байланысты шығындар, егер осындағы төлемдер немесе импорт Біріккен Ұлттар Үйымы Жарғысының VII Тарапуға сәйкес қабылданған Біріккен Ұлттар Үйымы Хауіпсіздігі Кеңесінің шешімімен тиым салынса; және

7. өзара шарт деңгейіндегі шығындар, осындағы өзара шарт жасасу

кезінде тиісті Банк шешім қабылдағанда немесе оны орындауда Заем алушының өкілдері тарабынан немесе Займ қаржысын алушының тарабынан сыйбайластық және алаяқтық орын алғанда, және Заем алушы жағдайды түзету үшін Банкі қанағаттанарлықтай уақытылы және қажетті шаралар қабылдамаса.

### 2-Қосымша

Қарызды өтеу кестесі

Қарызды өтеу мезгілі                    Қарыздың негізгі  
бөлігін өтеу (доллармен  
есептегенде)\*

15 желтоқсан 2003 ж.	6 350 000
15 маусым 2004 ж.	6 540 000

15 желтоқсан 2004 ж.	6 735 000
15 маусым 2005 ж.	6 930 000
15 желтоқсан 2005 ж.	7 135 000
15 маусым 2006 ж.	7 345 000
15 желтоқсан 2006 ж.	7 565 000
15 маусым 2007 ж.	7 790 000
15 желтоқсан 2007 ж.	8 020 000
15 маусым 2008 ж.	8 255 000
15 желтоқсан 2008 ж.	8 500 000
15 маусым 2009 ж.	8 750 000
15 желтоқсан 2009 ж.	9 010 000
15 маусым 2010 ж.	9 275 000
15 желтоқсан 2010 ж.	9 550 000
15 маусым 2011 ж.	9 830 000
15 желтоқсан 2011 ж.	10 120 000
15 маусым 2012 ж.	10 420 000
15 желтоқсан 2012 ж.	10 730 000
15 маусым 2013 ж.	11 045 000
15 желтоқсан 2013 ж.	11 370 000
15 маусым 2014 ж.	11 710 000
15 желтоқсан 2014 ж.	12 055 000
15 маусым 2015 ж.	12 410 000
15 желтоқсан 2015 ж.	12 775 000
15 маусым 2016 ж.	13 155 000
15 желтоқсан 2016 ж.	13 545 000
15 маусым 2017 ж.	13 945 000
15 желтоқсан 2017 ж.	14 355 000
15 маусым 2018 ж.	14 785 000

\*Осы бағандағы цифрлар Жалпы шарттық 4 04 (d) бөлімде қаралған жағдайда ғана заемды өтеу есебіне төлеуге жататын доллармен есептегендегі сомасы болып табылады.

### 3-Қосымша

Осы Келісімнің 2.02-бөлімінде (d) айтылған  
әрекет

1. Осы Келісімнің 2.02-бөлімінде (d) (i) (b) айтылған әрекет Заем алушының зейнетақыларды төлеу бойынша берешектері болмайды.

2. Банкті қанағаттандыратын Заем алушының органы ынтымақтасқан зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесіне және әлеуметтік жәрдемақыға ұзақ мерзімді фискалдық шығындар мәселелері көрініс табатын, Банкті қанағаттандыратын жылдық есепті шығарады.

3. Аннуитет, өмірді сақтандыру және еңбекке жарамсыз болған жағдайда сақтандыру салаларында Қазақстан Республикасында сақтандыру секторын нығайту бойынша Заем алушының стратегиялық әрекеті белгіленген, Банкті қанағаттандыратын есеп береді.

4. Заem алушының жинақтаушы қорларын пайымды инвестициялық талаптарды қанағаттандыратын көлемде екі жылдық немесе одан да артық мерзіммен өтеу мерзімімен Заem алушы ішкі мемлекеттік облигацияларды шығарады.

5. Заem алушының Үкіметі инфляция деңгейімен толық сәйкес ең аз зейнетақы көлемін дүркін-дүркін арттыруды жыл сайынғы бюджетте көзделетін, Парламентте қарауға ұсынуды қарастыратын қаулы қабылдайды.

6. Ұлттық Банқ, Ұлттық зейнетақы агенттігі және Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссия Банкті қанағаттандыратын мониторингтің негізгі көрсеткішінің базасында жұмысқа және зейнетақы жүйесін дамытуға қатысты ақпараттарды дәл және уақытылы беруді қамтамасыз ететін есептеменің үқсас жүйесін өзінде енгізді.

7. ЗТМО зейнетақымен қамтамасыз етудің ынтымақтасқан жүйесі шеңберінде зейнетақыны есептеуді толық компьютерлендіру және автоматтандыру бойынша ЗТМО әрекет етуі белгіленген Банкті қанағаттандыратын информациялық технология бойынша жоспарды әзірледі және бекітті.

8. ЗТМО және МЖЗК: (a) бұл мекемелердің жұмыстары туралы ақпараттарды дәл және уақытылы беруді қамтамасыз ететін қаржылық басқару жүйесін енгізді, сондай-ақ (b) Банк үшін қолайлы және Банкті қанағаттандыратын тәуелсіз аудиторлармен тұрақты негізде қолданылатын аудиторлық практиканың стандарттарына сәйкес орындалған алты ай ішінде аудиторлық тексеру туралы талассыз жауап алады.

Осы Келісімнің 2.02-бөлімінде (d) (ii) (B) айтылған әрекет

## Келісім

1. Заem алушының зейнетақымен қамтамасыз ету бойынша берешектері болмайды.
2. Банкті қанағаттандыратын Заem алушының органы ынтымақтасқан зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесіне және әлеуметтік жәрдемақыға ұзақ мерзімді фискалдық

шығындар мәселелері көрініс табатын, Банкті қанағаттандыратын екінші жылдық есепті шығарады.

3. Заем алушы амалсыз, енбекке жарамсыз болған және асыраушысынан айырылған жағдайда сақтандыруды беру стратегиясын белгілеген стратегиялық әрекеті белгіленген, Банкті қанағаттандыратын есептеме шығарады.

4. Заем алушының жинақтаушы зейнетақы қорының пайымды инвестициялық талаптарын қанағаттандыратын көлемде, 3 жылда немесе одан да көп жылда өтеу мерзімімен, инфляцияға сәйкес индекселетін ішкі мемлекеттік облигацияларды Заем алушы шығарады.

5. Енбекмин (а) еңбекшілердің түрлі топтарын зейнетақымен қамтамасыз етудің үқсастығын; сондай-ақ (б) халықты зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесіндегі ашылған кемшіліктерді қалпына келтіру бойынша қажетті әрекеттерге қатысты ұсыныстарды ұсынатын мәселелер көрініс табатын Банкті қанағаттандыратын есепті шығарады.

6. Ұлттық Банк, Зейнетақымен қамтамасыз ету жөніндегі Ұлттық зейнетақы қоры және Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссия Банкті қанағаттандыратын мониторинг көрсеткіші негізінде зейнетақы жүйесі жұмыстарының мәселелері және оның дамуы Банкті қанағаттандыратындай көрініс табатын ағымдағы жұмысшы есептерді уақытылы шығарады.

7. ЗТМО осы Қосымшаның 1-бөлімінің 7-параграфында ескертілген ақпараттық технологияның жоспарына сәйкес зейнетақымен қамтамасыз етудің ынтымақтастық жүйесі шеңберінде зейнетақыны есептеудің компьютерленген және автоматтандырылған жүйесін тағайыннады және пайдаланады.

8. Зейнетақы жарналарын аудару мақсатында ЗТМО жұмыс істейтін

адамдарға әлеуметтік жеке кодын (ӘЖК) берді.

9. ЗТМО және МЖЗҚ: (а) бұл мекемелердің жұмыстары туралы ақпараттарды дәл және уақытылы беруді қамтамасыз ететін қаржылық басқару жүйесін қолдайды, сондай-ақ (б) Банкті қанағаттандыратын, Банк үшін қолайлы және тәуелсіз аудиторлар тұрақты негізде қолданатын аудиторлық практикаға сәйкес орындалған, жыл сайынғы аудиторлық талассыз есебін алады.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК